

Жер – ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі. Ол басқа өндіріс күралдарынан өзінің шектеулі кеңістігімен ерекшеленеді. Сондыктан оны күтіп, баптау қажет. Жердің бізге берер байлығын ескере отырып, одан мол өнім алу бүгінде өзекті мәселелердің бірі. Егістік жерлердің өнімділігін көтеру үшін топырақтың құнарлылығын арттыру қажет. Барлық агротехникалық және мелиоративтік іс-шаралар топырақтың қасиеттері мен олардың қалыптасу ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуі тиіс. Себебі, табиги жағдайда топырақта болатын процесстер немесе адамның шаруашылық әрекетінің өсерінен болуы мүмкін өгерістерді білуіміз қажет. Жерді, яғни топырақты жаксарту мәселелері жер ғылымын зерттеушілердің практикалық қызметінің негізін қурайды. Бұл келешек үрвак үшін де маңызды.

Жер – халық шаруашылығын дамытудың басты құралы

Қазіргі таңда республика аумағында ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жердің жалпы қолемі – 91,7 млн. гектар. Оның ішінде егістік жер – 22,5 млн. гектар. Бұл ретте егістік жердің 70 пайызы Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарына тиесілі. Ал, суармалы жер – 2,1 млн. гектар. Оның ішінде 1,4 млн. гектары егістік жер және ол негізінен (80%) Алматы, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан.

Еліміздің заман талабына сай нарықтық экономикаға көшүне байланысты, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер негізінен мемлекеттік емес субъектердің (жекеменшік) иелігінде. Сейкесінше, ауыл шаруашылығы жерлерінің 98 пайызынан астамы, яғни 207 мың шаруа қожалығы мен 7,1 мың шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің меншігінде. Сондыктан өз иеліктеріндегі жерлерді тиімді пайдалану және оларды корғау атапған субъектердің басты мүддесі һәм міндеті болып табылады.

Ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалануда шаруашылықтардың жер қолемі, ауыл шаруашылығы машиналарын пайдалану тиімділігі мен ауыл шаруашылығын өнеркәсіптік жүйеге бейімдеуге және де жаңа технологияларды енгізуге айтартықтай өсерін тиізеді деуге болады.

Қазіргі кезде солтүстік өнірлерде шаруа қожалықтарының орташа жер қолемі 400 гектардан 720 гектараға дейін, ал, оңтүстік өнірлерде 20-дан 162 гектарға дейінгі мөлшерді қурайды. Сол себепті шаруа қожалықтары жерлерін біркітіру арқылы оларды іріледіру, сол арқылы өндірісті тиімді жүргізуін тәсілдерін дамыту, бүгінгі күннің өзекті мәселесі деуге болады.

Агроенеркәсіп кешені – еліміздің стратегиялық маңызды салаларының бірі. Сондыктан ауыл шаруашылығы саласының тиімділігін жөндирулару басты міндет болып саналады.

Ауыл шаруашылығында жерді өндеудің маңызы зор. Осы мәселені жүзеге асыру үшін ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге шығынының шамамен 40 пайызы және енбек ресурстарының 25 пайызы жұмысады. Сондыктан агроландшафттың экологиялық тұрақтылығын сақтау кезінде дақылдар үшін

топырақ өндеу технологиясын жетілдіру, қазіргі заманғы ауыл шаруашылығының маңызды мәселелерінің бірі.

Көптеген зерттеулердің нәтижесінде суармалы емес жерде топырақты өндеу технологиясының тиімділігі дөлелденді. Ал, суармалы егіншілік жағдайында мұндаидар зерттеулер аз және олар бір-біріне қарама-қайшы келеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірүк кезінде топырақты өндеу энергияның көп қажет етеді. Әрбір топырақ өндеу жүйесінің он және теріс жақтары бар. Олардың бейімделу тесілін ескеру керек және осыған байланысты қарқындылық деңгейі мен негізгі факторлардың өзгеруін ескере отырып, балама шешімдерді өзірлеу қажет. Қазіргі ғылыми және практикалық салада жер өндеудің непдік және аралас өндеу жүйелерінің тиімділік туралы пікірталас көп. Ғылыми-зерттеулер мен практиканың негізгі бағыттары топырақтың құнарлылығын сақтау қалатын, өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін онтайлы жағдай жасайтын, ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттыруды қамтамасыз ететін өндеу тәсілдері мен жүйелерінің әзірленуін көздеуі тиіс.

Ауыл шаруашылығы дамуының әр кезеңінде топырақ өндеу әдістері техникалық машиналармен және қазіргі заманауи құралдармен жүзеге асырылады.

Топырақты өндеу, қолыту немесе тығыздау нәтижесінде егістік қабатын онтайлы құрылымы жасалады. Өндөлген топырақ судың тек егістік қабатындаған емес, тамыр қабатының жер асты бөлігінде де жақсы етуіне мүмкіндік береді. Құрғак жағдайда топырақты өндеу ылғалды жинап қана қоймайды, сонымен қатар оны жоғалтудан сақтайды. Топырақты өндеу, баптау топырақтың ықтимал ластануын азайтады және дақылдардың зиянкестері мен ауруларының алдын алады, сонымен қатар ауыспалы егіс пен тыңайтыштың тиімділігін арттырады.

Топырақ құнарлылығын арттырудың тұрақты жүйесін жобалау үшін бірнеше принциптерді сақтау қажет. Олар топырақтардың әр тобы үшін әртүрлі өндеу жүйелерін және оларды рельеф элементтері бойынша пайдалану әдістерін саралау; жер жырту мен өндеуге арналған техникалық құрылғылар құрамын дұрыс таңдау; коректік заттар мөн өсімдік қалдықтарын, тыңайтыштарды біркелкі және жер қойнауының тәмемлі горизонттарында қолайсыз қасиеттерді жою үшін

түрненді және түрненсіз өндеу әдістерін пайдалану; табиги құнарлылықты сақтау үшін топырақты өндеудің азайту, қондырытының бір өтүінде бірнеше технологиялық операцияларды біркітіру арқылы энергия шығыны мен енбекті азайту, өндеу терендігін азайту, гербицидтер мен тыңайтыштарды қолдану; топырақтарды эрозиядан сақтау, тәсілдерін пайдалану; топырақтың гранулометриялық құрамын және агротехникалық талаптарын сақтау;

топырақты өндеудің адаптивті-ландшафттық жүйесі мәдени өсімдіктерге ылғал мен қоректік заттарды барынша сініруді қамтамасыз етіп, ал енбек және аз шығынмен максималды өнімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Максималды өнім алу үшін егін салар алдында, дәкілдерді күтіп-баптау кезінде және өндеудің жинал алғаннан кейін топырақты дер кезінде және сапалы өндеу жұмыстарын үйімдастыруды қалыптастыру қажет.

Ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарының жұмыс органдары өсір еткенде, орындалатын технологиялық процесстерді терең білу негізінде ғана топырақты өндеудің дұрыс әдісін таңдауда болады. Олардың негізгілері: жер жырту, қолыту, тырмалау, нығыздау, тәтістеу, арамшөптерді кесу, жалдар мен жұталарап жасау, т.б.

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бүкіл вегетациялық кезеңіне онтайлы жағдай жасау үшін топырақтың физикалық қасиеттеріне, арамшөптермен ластануына; механикалық құрамына, эрозиясына және дақылдардың есіру технологиясына байланысты барлық өндеу әдістері қабылданған жүйе бойынша ретімен орындалуы тиіс.

Қорыта айтқанда, жер біздің табиги байлығымыз десек, еліміздің азық-тулік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ауыл шаруашылығы жерлерінің алатын орны ерекше. Шаруашылықта пайдаланылатын жерлердің өндеу, сақтау және заманауи технологияларды пайдалана отырып, оның құнарлылығын арттыру қазіргі таңдағы ең бір өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Бекзатхан ҚҰЛТАСОВ,
М.Әуезов атындағы
«Оңтүстік Қазақстан университеті»
«Су ресурстары, жерді пайдалану
және агротехника» кафедрасының
ага оқытушысы, PhD докторы.